

Тексерілді: 
Әдіскер А.К. Ернарарова

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 27 қараша -01 желтоқсан айы 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 01.12.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады? Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар балалар. Қайырлы таң! Біздің бала бакшамыз. Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз! Мультфильмнен үзінді көрсету. (Сюжет бойынша қыста жабайы аң қарды иіскеп, бірдеңе іздеп жүреді) Әңгімелесу. Жұмбақ жасыру. Ұзын құлақ қорқақпын, Үлпілдек жүн томпақпын. Сәбізді жақсы көремін, Үнемі қашып жүремін. - Ол не? (Қоян.) Қоян туралы ақпараттық слайд көрсету. (қоянның дене мүшелерін атап айту, тонын ауыстыратыны жайлы мағлұмат беру, қоянның сүйікті қорегі, мінез-құлқы жайлы айтып өту) Такпақ жаттату. Мен сәбізді сүйемін, Ақ тонымды киемін. Қасқыр менен түлкіден, Жасырынып жүремін. Сергіту сәті. Түлкі, түлкі, түлкімін. Көрдің бе түсін тонымның? Қара етік киемін, Бойымда жоқ бір мінім! Иә, біраз айлап бар, Айладан түсер пайдам бар. Жолап кетсем қораңа, Тауықтарың жоғалар. Тыныс алу гимнастикасы. «Шыршаның артына не жасырылған?» дидактикалық ойыны. Балаларға әртүрлі шыршаның артына жасырылған бір аң бар суреттер таратылады. Бұл суреттерде сол аңдардың бір дене мүшесі көрініп қалған. Осы дене мүшесі бойынша, қай</p>	<p>Тыныс алу гимнастикасы. «Не жасырынған?» д\о. Балаларға әртүрлі шыршаның артына жасырылған бір аң бар суреттер таратылады. Бұл суреттерде сол аңдардың бір дене мүшесі көрініп қалған. Осы дене мүшесі бойынша, қай аңның үйі екенін тауып алуды ұсынады.</p>	<p>Такпақ жаттау. Мен сәбізді сүйемін, Ақ тонымды киемін. Қасқыр менен түлкіден, Жасырынып жүремін.</p>

	<p>анның үйі екенін тауып алуды ұсынады. Күтілетін нәтиже: орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетеді. Жұмбақтардың шешуін табады. такпақты түсініп, жаттай алады.</p>		
<p>Жұма 01.12.2023ж. «Балдыған» ересек тобы</p>	<p>Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу. Жаттығу. «Қане, амандасайық!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар балалар. Қайырлы таң! Біздің бала бақшамыз. Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз Аудиотаспа тыңдау. Орман атмосферасының аудиотаспасы. Көркемсөз. Жұмбақ. Педагог мнемочкарточкалар қолданады. Қабырғасы көп ағаш, Керегесі - жапырақ. (үй, қабырғалары шырша, карағай - тізбектелген) Шаңырағы - көк аспан, (астыңғы сызық бойымен көк толқынды ирек, құрт тәрізді. Іші-думан, атырап, (көлеңке - ағаштың арғы жағында құлақ бейнеленген, қасында қашып бара жатқан қоянның бейнесі) Ыныранған, ұлыған, Жабайылар дыбысы. (көлеңке - басын жоғары көтерген қасқырдың бейнесі) Жатқандай бір кеміріп, (жақын - сирақ пен тіс, жанғақ кемірген) Тәтті нанның бұрышын. Көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Жабайы аңдар». Педагог жаттығуды ұйымдастыру алдында жабайы аңдардың көлеңкелі және түрлі-түсті суреттерін дайындайды. Заттық көлеңкелі суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін. Түрлі түсті заттық суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін. Зейінге арналған сөздік-қимылды ойын жаттығуы. «Жылдам - баяу». Педагог «көжектерге» карап («қонжық», «кірпінің балалары», «тиіннің балалары», «жәудірлер», «бөлтіріктер»), сұрақтар қоя бастайды: - Сендер нелерсіңдер?! (Көжектер! Қонжықтар! Кірпінің балалары! Тиіннің балалары! Жәудірлер! Бөлтіріктер!) - Жарайсыңдар! - Ал енді, балалар, үлкен шеңбер жасап тұрыңдар. - Балалар, біз жылдам және баяу қозғалатын боламыз (ым-ишара көрсету) Бекіту, қорытындылау. Күтілетін нәтиже: жабайы аңдардың балаларының (төлдерінің) атауларын біледі. «Жылдам - баяу» қимыл-әрекеті жайлы түсініктері қалыптасады. Ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы біледі.</p>	<p>Көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Жабайы аңдар». Педагог жаттығуды ұйымдастыру алдында жабайы аңдардың көлеңкелі және түрлі-түсті суреттерін дайындайды. Заттық көлеңкелі суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін. Түрлі түсті заттық суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін.</p>	<p>Аңдарға байланысты жұмбақтар шешу.</p>